

**№41 мектеп-лицейінің Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 хаттамасы**

Өткізілген күні: 17.01.25 жыл.

Өткізілген уақыты: 17:00

Өткізілген орны: №41 мектеп-лицейі

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес мүшелері – 10, қатыспағаны – 1

№41 мектеп-лицей директоры - А.М.Даумова

Бас есепшісі С.Т.Сундеткалиева

Күн тәртібінде:

1. Мектептің материалдық базасын дамыту үшін берілген заттар мен қаражаттың білім беру мекемесінің пайдалануы туралы есебі
2. Ағымдағы сұрақтар

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша №41 мектеп-лицей директоры А.М.Даумова мен мектеп-лицей бас есепшісі С.Т.Сундеткалиева 2024 жылғы мемлекеттік қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп берді.

2024 жылы №41 МЛ-нің жылдық мемлекеттік қаржыландыру 441589 млнды құрады. 2024 жылы бюджеттен 3 программа бойынша қаржыландырылды. Соның ішінде 261082011 программасынан 444мың, 261203015 программасынан 323811 мың, 261082015 программасы 117334 мыңды құрады. Жалпы қызметкерлердің жалақысына 2024 жылы 111 ерекшелігі бойынша 307081 мың теңге жұмсалды. 113 ерекшелігінен өтемақы төлемдеріне 12747 мың теңге. Қызметкерлерге сыйақыға 2024 жылы 112 ерекшеліктен 7325 мың теңге жұмсалды. Сонымен қатар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар, әлеуметтік салық, жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар бойынша жалпы 2024 жылы 37846 мың теңге салық аударылды. Мектептің өзгеде қорларын сатып алуға бюджеттен 6699 мың теңге жұмсалды. Мектебімізде спорт (футбол, баскетбол, волейбол) алаңдарын, секіруге арналған шұңқыры бар және гимнастикалық жабдықтарды орнату бойынша жұмыстар мен қызмет көрсетуге 17040 мың теңге шарт жасалынып, спорт

алаңы қолданысқа берілді. «Мектеп ғимараты үшін радио торап жүйесін (радио бөлгіш) орнату бойынша» 799 мың теңге қызмет атқарылды және де Мемлекеттік рәміздермен стенд жасау бойынша жұмыстарына 375 мың теңге орнатылды. Жалпы мектептің басқада жылдық қызметін қосқанда 159 ерекшелігінен 29794 мың теңге жұмсалды. Телефон және интернет қызметтеріне 823 мың теңге бөлінді. 414 ерекшелік бойынша 2024 жылы 21724 мың теңге қарастырылды, мектепке физика кабинеті жабдықталып, 5 кабинетке парта жиынтықтары мен 4 принтер алынды. Коммуналдық қызметке 2024 жылы бюджеттен 13298 мың теңге қарастырылып жүзеге асырылды. Мектептегі аз қамтылған балалар үшін бюджеттен 163 ерекшелігі бойынша 3062 мың теңге қарастырылды, соның ішінде ыссы тамаққа 422 мың теңге қаржы қарастырылды. 14 балаға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N64 қаулысы негізінде аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға материалдық көмек көрсетілді. Жазғы лагерьлерге мемлекет қаражатынан Астана, Алматы, Бурабай, Түркістан қалаларына жолданғандығын баян етті.

- 2 Ағымдағы мәселер бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы П.С.Ниетова әлеуметтік педагог А.Х.Жарасоваға түскен сұраныс бойынша өзге санатқа жататын мектеп оқушысы Р.Серікті 2025 жылдың ақпан айынан бастап құжаттары жинақталса ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылар қатарына қосуды ұсынды.

Кеңес мүшелері күн тәртібінде белгіленген мәселелер бойынша сөйлегендерді тыңдап, мәліметтерді саралай отырып, **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Оқу жылында бөлінген қаражат тиісті қажеттілікке жұмсалын.
2. Р.Серік ақпан айынан бастап мектеп асханасында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

Төрайым



П.С.Ниетова.

Хатшы



С.С.Тажен